



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 пілдеден
бастап шығады

№18/200
2 мамыр



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА «КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Ұлттық кітап күні қарсаңында ел көлемінде жүзеге асқан «Кітап оқитын ұлт» жобасының қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталды.

Жоба Шымкент қаласы мен Қарағанды, Қостанай облыстарында жүзеге асырылды. Соның ішінде ең жоғары қамтуды дәл Қарағанды облысы көрсетті — мұнда 67 824 адам қатысқан. Бастаманың негізгі мақсаты — қоғамда тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыру және Қазақстанды әлемдегі ең көп кітап оқитын он елдің қатарына қосу. Осы бағытта жаңа формат — кітап оқу марафоны енгізілді.

Жоба 6 бағыт бойынша ұйымдастырылды — «Кітап оқитын әулет», «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші», «Кітап оқитын университет», «Кітап оқитын колледж», «Кітап оқитын мектеп» және «Кітап оқитын педагог». Қатысушылар үшін қазақ және орыс тілдерінде 15 кітаптан тұратын арнайы тізім бекітіліп, сол шығармалар негізінде түрлі зияткерлік сайыстар өтті.

Байқау бірнеше кезеңнен тұрды — алдымен ұйымдар мен оқу орындары деңгейінде басталып, кейін аудандық, қалалық және облыстық кезеңдерде жалғасты. Жеңімпаздарды марапаттау 23 сәуір — Ұлттық кітап күніне

орай өтті.

Байқау қазақ және орыс лигалары бойынша екі бағытты, сондай-ақ алты номинацияны қамтыды. Жоба барысында қатысушылар жас ерекшелігі мен мақсаттарына сай сарапшылар іріктеген 15 кітаптан оқыды. Тізімде отандық және шетелдік авторлардың шығармалары, оның ішінде Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов және Бауыржан Момышұлының еңбектері бар.

Ең ауқымды санат «Кітап оқитын мектеп» атанып, оған 30 мыңнан астам адам қатысты. Бұл номинацияда Приозерск қаласынан №2 ЖББМ 8-сынып оқушылары —

Айнара Сабық, Перизат Файзуллаева және Лаура Жарылғапова жеңіске жетті.

Педагогтар санаты бойынша 6 ұстаз қатысып, №1 ЖББМ мұғалімдері облыстық кезеңде жүлделі 2-орын иеленді. Мектеп санаты бойынша облыстық кезеңінен 9-сынып 2-орын, 8-сыныптар 3-орын иеленді.

Жоба қорытындысы бойынша педагогтар мен оқушылар жоғары нәтиже көрсетіп, қаламыздың абыройын облыстық деңгейде лайықты қорғады.

Исатай М.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету — мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды және өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Бұл ретте, азаматтармен қатар мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, олардың бұзылуы анықталған жағдайда қалпына келтіру Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің басым міндеттерінің қатарына кіреді.

Осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыру барысында Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаментімен мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау шеңберінде бірқатар талдау және тексеру іс-шаралары жүргізілді.

Атап айтқанда, 2025 жылы еңбек демалысын уақтылы бермеу фактілері бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде Департаменттің арала-

суымен 146 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтіріліп, оларға тиесілі өсімпұл төлемдері төленді.

2023 жылдан бастап уәкілетті органға мемлекеттік органдарға бару, қолжетімділікті бақылау және басқару жүйелері арқылы мониторинг жүргізу функциясы берілген.

Жұмыс уақыты режимінің сақталуын бақылау нәтижесінде 2025 жылдың 12 айында 180 мемлекеттік қызметшінің үстеме жұмысқа тартылғаны анықталды. Тиісті шаралар қабылданып, оларға қосымша тынығу сағаттары берілді. Бұл бағыттағы бақылау мемлекеттік қызметшілердің еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз етудің тиімді тетіктерінің бірі болып отыр.

Мұндай бұзушылықтардың алдын алу мақсатында өңірдегі мемлекеттік органдар арасында тұрақты түрде түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызме-

тшілердің әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де жеке қажеттіліктерін қызметтік міндеттерімен үйлестіру мақсатында икемді жұмыс уақыты режимін қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Бүгінгі таңда өңірде 29 мемлекеттік қызметші осы режимді пайдаланып отыр. Икемді жұмыс уақытының енгізілуі қызмет тиімділігін арттыруға және қызметшілердің еңбек жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізуде.

Бұдан бөлек, тәртіптік жазаларды қолдану тәртібінің бұзылуына қатысты деректер де анықталды. Нәтижесінде жүргізілген бақылаудың қорытындысы бойынша 4 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Сондай-ақ, Департаментке азаматтардан келіп түскен арыз-шағымдарды қарау және жоспардан тыс тексерулер жүргізу нәтижесінде де құқық бұзушылықтардың жолы кесілуде.

Көп жағдайда тексерулерге негіз

болатын жайт — әдеп нормаларының бұзылуы, мемлекеттік органдарда өткізілген бос лауазымдарға орналасу конкурстары, сыйақы тағайындау кезінде орын алған бұзушылықтар және т.б. тақырыптардағы азаматтардың шағымдары болып табылады.

Жүргізілген профилактикалық және жоспардан тыс бақылау шараларының нәтижесінде 10 азаматтың және 5 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Жалпы алғанда, атқарылып жатқан бұл жұмыстар мемлекеттік қызмет жүйесіндегі заңдылықты нығайтуға, қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға, сондай-ақ, мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Д.Абдрахманов,
МҚІА Қарағанды облысы
бойынша департаменті
басшысының орынбасары

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ОКРУГТІК ЖӘНЕ
УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БОС ОРНЫНА КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ
ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

Сайлау комиссияларының бос орнына комиссия мүшелерін сайлау «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Сайлау комиссиялары Қазақстан Республикасында сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары болып табылады. Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының сессиясында 5 округтік, 9 учаскелік сайлау комиссияларының құрамына 19 мүше сайланды, олардың ішінде: округтік -7, учаскелік сайлау комиссияларына - 12.

Үш саяси партия мен екі қоғамдық бірлестіктің ұсыныстары бойынша 9 учаскелік сайлау комиссиясының құрамына 12 сайлау комиссиясының мүшесі немесе сайланған мүшелердің жалпы санының 21,82% сайланды. Бір партия мен екі қоғамдық бірлестіктен 5 округтік сайлау комиссиясының құрамына 7 мүшесі немесе 12,73% сайланды.

Сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жерлері туралы мәліметтерді Сіздердің назарларыңызға жеткізіп отырмыз.

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихаты

«Приозерск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №24/200 «Приозерск қалалық округтік сайлау комиссиясының құрамын құру тура-
лы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Приозерск қалалық мәслихатының 2026 жылғы 29 сәуірдегі XXXX кезектен тыс сессиясының № 40/301 шешімі.

Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Достық көшесі, 27/2, «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	№ 2 округтік сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Кенжебекова Фарида Женисбековна шығарылсын; 2) комиссия құрамына Ахметова Рахима Есенамановна сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Достық көшесі, 27/2, «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	№ 3 округтік сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Жантаева Макпал Нурлановна, Урганчбаева Калдыгуль Акбергеновна, Раимбекова Асем Бекмурзаевна шығарылсын; 2) комиссия құрамына Битирбаева Нагима Жавумбаевна, Абай Баян Абайұлы, Жолдықараева Дина Калыбековна сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Достық көшесі, 20, «Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің № 2 жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты	№ 5 округтік сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Агзадова Жания Уктамкизи шығарылсын; 2) комиссия құрамына Омарбекова Аружан Абдулғазизқызы сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Қосмонавтов көшесі, 2, «Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ғимараты	№ 7 округтік сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Жаналиева Самал Мусатаевна шығарылсын; 2) комиссия құрамына Райимбаев Еркін Донобаевич сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Кисунько көшесі, 11а, «Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің № 1 жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты	№ 11 округтік сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Ерходжаева Гульбану Шалабаевна шығарылсын; 2) комиссия құрамына Абжанова Зинаида Рамазановна сайлансын.	

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихаты

«Приозерск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсанындағы №13/95 «Приозерск қалалық учаскелік сайлау комиссиясының жаңа құрамын сай-
лау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Приозерск қалалық мәслихатының 2026 жылғы 29 сәуірдегі XXXX кезектен тыс сессиясының № 40/302 шешімі.

Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Транспортная көшесі, 19, «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК ғимараты	№ 226 сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Купяшаров Асылбек Жуломанович, Даулетбеков Рүстем Талантұлы шығарылсын; 2) комиссия құрамына Абдикаримов Диас Калибекович, Қаланбай Руслан Юлдашұлы сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Достық көшесі, 27/2, «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	№ 227 сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Хизирова Гулбану Нурмахановна шығарылсын; 2) комиссия құрамына Каримбаева Алия Олмасбаевна сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Достық көшесі, 27/2, «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	№ 228 сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Дауленова Анар Жакыповна, Тилепбай Ислам Жұмабекұлы шығарылсын; 2) комиссия құрамына Шамшатов Асет Сайранбекович, Жаналиева Самал Мусатаевна сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Достық көшесі, 27/2, «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Приозерск қаласының спорт клубы» КММ ғимараты	№ 229 сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Аппазова Қарлығаш Сакенқызы шығарылсын; 2) комиссия құрамына Кенжебек Арай Мадиярқызы сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Достық көшесі, 20, «Қарағанды облысы білім басқармасы Приозерск қаласы білім бөлімінің № 2 жалпы білім беретін мектебі» КГУ ғимараты	№ 231 сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Ахметова Рахима Есенамановна, Букпантаев Серикбай Турсынбекович шығарылсын; 2) комиссия құрамына Оспанбаева Дилназ Оралқызы, Калдыбаев Бексултан Аскарулы сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Қосмонавтар көшесі, 2, «Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ғимараты	№ 232 сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Нуркужаева Айдана Ганиевна шығарылсын; 2) комиссия құрамына Нұрым Арай Ержігітқызы сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Қосмонавтар көшесі, 2, «Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ғимараты	№ 234 сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Каримбаева Алия Олмасбаевна шығарылсын; 2) комиссия құрамына Сулейменов Марс Абуович сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Кисунько көшесі, 11А, «Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің № 1 жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты	№ 235 сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Анарбеков Нурсултан Адилбайұлы шығарылсын; 2) комиссия құрамына Бектанов Махат Кайратбекович сайлансын.	
Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Кисунько көшесі, 11А, «Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің № 1 жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты	№ 236 сайлау комиссиясы
1) комиссия құрамынан Калдыбаев Бексултан Аскарулы шығарылсын; 2) комиссия құрамына Оңғарбай Нұрмұхамбет Даниярұлы сайлансын.	



СООБЩЕНИЕ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ОБ ИЗБРАНИИ ЧЛЕНОВ КОМИССИИ НА ВАКАНТНЫЕ МЕСТА В СОСТАВЫ ОКРУЖНЫХ И
УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ

Выборы членов комиссий по вакантным местам в избирательных комиссиях осуществлялось в соответствии с требованиями Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) и Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан».

Избирательные комиссии являются государственными избирательными органами, организующими подготовку и проведение выборов в Республике Казахстан. Срок полномочий избирательных комиссий составляет пять лет.

На сессии Приозерского городского маслихата Карагандинской области было избрано в состав 5 окружных и 9 участковых избирательных комиссий 19 членов избирательных комиссий, из них: окружных – 7 и участковых избирательных комиссий – 12.

По предложениям трех политических партий и двух общественного совета в состав 9 участковых избирательных комиссий избрано 12 членов избирательных комиссий или 21,82% от общего числа избранных членов. От одной партии и двух общественного объединения в состав 5 окружных избирательных комиссии избрано 7 членов избирательных комиссий или 12,73%.

Доводим до вашего сведения состав и места нахождения избирательных комиссий.

Приозерский городской маслихат Карагандинской области

Решение XXXX внеочередной сессии Приозерского городского маслихата от 29 апреля 2026 года № 40/301 «О внесении изменении в решение Приозерского городского маслихата от 17 января 2023 года №24/200 «Об образовании состава окружных избирательных комиссии города Приозерск»

Карагандинская область, город Приозерск, улица Достык, 27/2, здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Окружная комиссия № 2
1) вывести из состава Кенжебекову Фариду Женисбековну; 2) избрать в состав комиссии Ахметову Рахиму Есенамановну.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Достык, 27/2, здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Окружная комиссия № 3
1) вывести из состава Жантаеву Макпал Нурлановну, Урганчбаеву Калдыгуль Акбергеновну, Раимбекову Асем Бекмурзаевну; 2) избрать в состав комиссии Битирбаеву Нагиму Жавумбаевну, Абай Баян Абайұлы, Жолдыкараеву Дину Калыбековну.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Достык, 20, здание КГУ «Общеобразовательная школа № 2 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Окружная комиссия № 5
1) вывести из состава Агзадову Жанию Уктамкизи; 2) избрать в состав комиссии Омарбекову Аружан Абдулғазизқызы.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Космонавтов, 2, здание КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достык» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Окружная комиссия № 7
1) вывести из состава Жаналиеву Самал Мусатаевну; 2) избрать в состав комиссии Райимбаева Еркина Донобаевича.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Кисунько, 11а, здание КГУ «Общеобразовательная школа № 1 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Окружная комиссия № 11
1) вывести из состава Ерходжаеву Гульбану Шалабаевну; 2) избрать в состав комиссии Абжанову Зинаиду Рамазановну.	

Приозерский городской маслихат Карагандинской области

Решение XXXX внеочередной сессии Приозерского городского маслихата от 29 апреля 2026 года № 40/302 «О внесении изменении в решение Приозерского городского маслихата от 25 декабря 2023 года №13/95 «Об избрании нового состава Приозерской городской участковой избирательной комиссии».

Карагандинская область, город Приозерск, улица Транспортная, 19, здание КГП «Центральная больница города Приозерск»	Избирательная комиссия № 226
1) вывести из состава Купяшарова Асылбека Жуломановича, Даулетбекова Рустема Талантұлы; 2) избрать в составы комиссии Абдикаримова Диаса Калибековича, Қаланбай Руслан Юлдашұлы.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Достык, 27/2, здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Избирательная комиссия № 227
1) вывести из состава Хизирову Гулбану Нурмахановну; 2) избрать в состав комиссии Каримбаеву Алию Олмасбаевну.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Достык, 27/2, здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Избирательная комиссия № 228
1) вывести из состава Дауленову Анар Жакыповну, Тилепбай Ислам Жұмабекұлы; 2) избрать в составы комиссии Шамшатова Асета Сайранбековича, Жаналиеву Самал Мусатаевну.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Достык, 27/2, здание КГУ «Спортивный клуб города Приозерск» ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Приозерск»	Избирательная комиссия № 229
1) вывести из состава Аппазову Карлыгаш Сакенқызы; 2) избрать в состав комиссии Кенжебек Арай Мадиярқызы.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Достык, 20, здание КГУ «Общеобразовательная школа № 2 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Избирательная комиссия № 231
1) вывести из состава Ахметову Рахиму Есенамановну, Букпантаева Серикбая Турсынбековича; 2) избрать в состав комиссии Оспанбаеву Дилназ Оралқызы, Калдыбаева Бексултана Аскарулы.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Космонавтов, 2, здание КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достык» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Избирательная комиссия № 232
1) вывести из состава Нуркужаеву Айдану Ганиевну; 2) избрать в состав комиссии Нұрым Арай Ержігітқызы.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Космонавтов, 2, здание КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достык» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Избирательная комиссия № 234
1) вывести из состава Каримбаеву Алию Олмасбаевну; 2) избрать в состав комиссии Сулейменова Марс Абуовича.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Кисунько, 11А, здание КГУ «Общеобразовательная школа № 1 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Избирательная комиссия № 235
1) вывести из состава Анарбекова Нурсултана Адилбайұлы; 2) избрать в состав комиссии Бектанова Махата Кайратбековича.	
Карагандинская область, город Приозерск, улица Кисунько, 11А, здание КГУ «Общеобразовательная школа № 1 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области»	Избирательная комиссия № 236
1) вывести из состава Калдыбаева Бексултана Аскарулы; 2) избрать в составы комиссии Оңғарбай Нұрмұхамбет Даниярұлы.	

БІТІМГЕРШІЛІК-БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

Қоғамда бибітшілік пен тұрақтылықты сақтау ең маңызды құндылықтардың бірі болып табылады. Әлемде түрлі қақтығыстар мен келіспеушіліктер орын алып отырған жағдайда, бітімгершілік идеясы адамзаттың ортақ мақсатына айналады. Бітімгершілік қоғамдағы татулықты нығайтып дамудың берік негізін қалыптастыратын басты бағыт.

Бітімгершілік - адамдар мен мемлекет арасындағы дауларды күш қолданбай өзара келісім мен түсіністік арқылы шешуге бағытталған ұстаным. Ол сабыяққа, төзімділікке және сыйластыққа негізделеді. Бітімгершілік қоғамдағы әлеуметтік шиеленістердің алдын алып азаматтар арасында сенім орнатады.

Құқықтық мемлекетте бітімгерші-

лік ерекше рөл атқарады. Медиация татуластыру рәсімдері сияқты бейбіт жолмен шешу тетіктері азаматтардың құқықтарын қорғауға және сот жүйесінің жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл құқықтар мәдениеттің дамуына және заң үстемдігінің нығаюына ықпал етеді.

Қорытындылай келе бітімгершілік басты мақсатымыз болуы тиіс. Бейбітшілік пен келісімге негізделген қоғам ғана тұрақты даму мен жарқын болашаққа қол жеткізе алады. Сондықтан бітімгершілік құндылықтарын сақтау және дамыту әрбір азаматтың ортақ борышы.

*Приозерск қалалық сотының
төрағасы Б.А.Даупбаев*

МЕДИАЦИЯДАҒЫ БЕЙБІТ ЖОЛМЕН ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Қоғамда түрлі әлеуметтік, экономикалық және құқықтық қатынастардың дамуына байланысты даулардың саны артып келеді. Мұндай жағдайларда дауды бейбіт жолмен шешудің маңызы ерекше. Солардың бірі медиация. Медиация тараптардың өзара келісімі арқылы, бейтарап медиатордың көмегімен дауды шешуге бағытталған баламалы рәсім. Бұл тәсіл қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға және құқықтық мәдениетті арттыруға ықпал етеді.

Медиация-дауды шешудің ерікті, құпия және бейтарап тәсілі. Оның негізгі қағидаттарына тараптардың теңдігі, еріктілік, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы, сондай-ақ рәсімнің құпиялығы жатады. Медиатор дауласушы тараптарға шешім қабылдатпайды, тек өз ара түсінікке келуіне көмектеседі.

Медиацияның басты артықшылығы - уақыт пен қаржыны үнемдеу. Медиация қысқа мерзімде және бейбіт түрде жүзеге асады. Сонымен қатар тараптар өзара қарым-қатынасты сақтап қалады, бұл әсіресе отбасылық, еңбек және көршілестік дауларда маңызды. Медиацияның

нәтижесінде қабылданған келісім тараптардың өз еркімен орындалатындықтан оның тиімділігі жоғары болады.

Қазақстан Республикасында медиация институты 2011 жылы қабылданған «медиация туралы заң» Қазіргі таңда медиация азаматтық, еңбектік, отбасылық және кейбір қылмыстық істер бойынша кенінен қолданылуда. Мемлекет медиацияны дамыту арқылы соттардың жүктемесін азайтып, қоғамда дауларды мәдениетті шешу дағдысын қалыптастыруды көздейді.

Қорытындылай келе медиация - дауларды бейбіт жолмен шешудің тиімді әрі замануи тәсілі. Ол тараптардың мүдесін ескере отырып әділ әрі жылдам шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Сондықтан медиация институтын дамыту және оны қоғамда кенінен насихаттау құқықтық мемлекет қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

*Приозерск қалалық сотының
төрағасы Б.А.Даупбаев*



БОЛАШАҚ ЕЛ ҚОРҒАНДАРЫ



Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Тілек Кенжебековтың ұйымдастыруымен Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қалалық білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алып жүрген 9 «ә» сыныбының оқушыларымен ерлік сабағы болып өтті. «Мен - Отан қорғаушымын!» тақырыбындағы ерлік сабағын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Амантаева Фатима Керимбиевна ашып берді. Болашақ ел қорғандарының алдында сөз алған ардақты ардагер аға Тілек Алшымбекұлы мамыр айындағы аталып өтетін айтулы күндердің ішін-

дегі 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр - Ұлы Жеңіс күнінің тарихи маңыздылығын оқушыларға терең мағынада жеткізіп берді.

Ерлік сабағы барысында оқушылар арасынан белсенділік танытқан Нұрман Диас Мақсатұлы мен Елкен Кәусар Қуанышқызы өз ойларын ортаға салды. Жоғары деңгейдегі ұйымшылдықпен өткен еңбек сабағынан көп ой түйген мектеп оқушыларының алдағы уақытта өз елінің нағыз патриоттары болып жетілетіндеріне сенімдіміз!

*Приозерск гарнизонының баспасөз
хатшысы Думан Жұмашұлы*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTUBЕК JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №18/200, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.